



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КеАҚ

Қазак спорт және туризм
академиясының КеАҚ Ғылыми
Кеңесінің отырысында **Бекітілген**
20__ жылғы «__» __ № __ хаттама
ҒК төрағасы, Президент, профессор



Закирьянов К.К.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Атауы, коды: 6B01404 «Фитнес және рекреация»

Дайындық деңгейі: бакалавриат

Білім беру саласының коды және атауы	6B01 – Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды және атауы	6B014 – Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламасының тобы	B005 – Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламасы	6B01404 – Фитнес және рекреация



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

**КЕҢЕСШІ - ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР / КОНСУЛЬТАНТЫ – РАБОТОДАТЕЛИ
/ CONSULTANTS - EMPLOYERS**

Мекеме/Организация	Қызметі/должность	Аты жөні/ФИО
Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления, г. Алматы/ Алматы қ., химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі / Nazarbayev Intellectual School of Chemical and Biological, Almaty	Дене шынықтыру мұғалімі/Учитель физической культуры	Мұратқалиұлы А.
Алматы қ. «№116 Жалпы білім беретін мектеп » КГУ «Общеобразовательная школа №116» г. Алматы/ "Secondary school №116" Almaty	Директор / Director	Мейрханова З.Д.
Мектеп-лицей №119 / Школа-лицей №119 г.Алматы /Lyceum School №119	Дене шынықтыру мұғалімі/Учитель физической культуры	Керімбекова А.Т.
Алматы қ. Спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжі /Специализированная школа-интернат-колледж для одаренных с спорте детей . г.Алматы/ Specialized boarding school-college for gifted children with sports . Almaty	Басшысы/Руководитель	Танабасва Ж.К.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР/ РАЗРАБОТЧИКИ / DEVELOPERS

ОӘЖ жөніндегі проректоры /
Проректор по УМР / Vice-rector for
educational and methodical work

 Нурмуханбетова Д.К.

ОСФ деканы / Декан ФОС / Dean of
faculty


 Сауртов Р.Т.

КСЖЖЖФ деканы / Декан ФПСИЕ / Dean
of faculty

 Конакбаев Б.М.

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ/ПРЕДСТАВИТЕЛИ СТУДЕНЧЕСТВА /
STUDENT REPRESENTATIVES**

«Студенттер Альянсы» Студенттік өзін-өзі басқару органының
төрағасы/ Председатель органа студенческого самоуправления
«Альянс студентов» /Chairman of the student self-government
body "Alliance of Students"

 Абдикеримқызы М.

КЕЛІСІЛДІ/СОГЛАСОВАНО/AGREED

ОБ жетекшісі/ Руководитель УУ/Head of educational department

 Тулеугалиева С.С.

ОР жетекшісі /Руководитель ОР / Head of registry Department

 Калабаева А.К.

Кафедра меңгерушілері:/ Зав.кафедрами:/ Head of departments:

Күрес және Ұлттық спорт түрлері кафедрасы / Кафедра борьбы и

Национальных видов спорта/ Department of Wrestling and National

Sports

Анатомия, физиология және спорт медицина кафедрасы/ Кафедра
анатомии, физиологии и спортивной медицины/ Department of
Anatomy, Physiology and Sports Medicine:


 Кисебаев Ж.С.

ДШЖС теориялық негіздері кафедрасы /Кафедра теоретических
основ ФКиС/ Department of Theoretical Foundations of Physical
Culture and Sports.

 Белегова А.А.

Футбол кафедрасы/ Кафедра футбола/ Football Department:

Жеңіл атлетика және қысқы күрделі техникалық спорт түрлері
кафедрасы/ Кафедра легкой атлетики и зимних сложных
технических видов спорта/ Athletics and winter complex technical
sports:

 Хайдаров Х.С.
Унтаев Х.К.

Гимнастика және жүзу кафедрасы/ Кафедра гимнастики и
плавания/ Department of gymnastics and swimming:

 Ермаханова А.Б.

Бокс, ауыр атлетика және шығыс жекпе-жек кафедрасы/ Кафедра
бокса, тяжелой атлетики и восточных единоборств / Department of
boxing, weightlifting and Oriental martial arts

 Ахмадиев Т.М.

Қазақ, орыс және шет тілдер кафедрасы/Кафедра казахского,
русского и иностранных языков/ Department of Kazakh, Russian
and Foreign Languages:

 Болтаева Г.А.

Спорттық ойындар кафедрасы/ Кафедра спортивных игр/
Department of Sports Games

 Кефер Н.Э.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы/Кафедра социально-
гуманитарных дисциплин/ Department of Social and Humanitarian
Disciplines:

 Ибраимова А.А.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ЭКСПЕРТТЕР/ ЭКСПЕРТЫ / EXPERTS

Мекеме/Организация	Қызметі/должность	Аты жөні/ФИО
Алматы қ. КММ №83 Гимназия / КГУ Гимназия №83 г. Алматы/ Gymnasium №83, Almaty К.Ахметов атындағы олимпиада резервінің Республикалық мамандырылған мектеп- интернат-колледж РММ директорының спорт жұмысы жөніндегі орынбасары/ Заместитель директора по спортивной работе РГУ РС школа-интернат-колледж олимпийского резерва им. К.Ахметова/ Deputy Director for Sports Work of the RSU RS boarding school-college of the Olympic reserve them. K.Ahmetova Тірек қимыл аппараттары зақымдалған балаларға арналған №2 арнайы мектеп- интернаты/Специальная школа-интернат №2 для детей с нарушением опорно- двигательного аппарата/ Special boarding school №2 for children with musculoskeletal disorders	Дене шынықтыру мұғалімі/ Учитель физической культуры Спорт бойынша директордың орынбасары/ Заместитель директора по спорту	Мухаметова Ж.И. Байдосова Д.К.
Тірек қимыл аппараттары зақымдалған балаларға арналған №2 арнайы мектеп- интернаты/Специальная школа-интернат №2 для детей с нарушением опорно- двигательного аппарата/ Special boarding school №2 for children with musculoskeletal disorders	Директор / Director	Ермекова Б. А.
№6 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар- жасөспірімдер мектебі /Специализированная детско- юношеская школа олимпийского резерва №6 / Specialized children-youth school of Olympic reserve №6	Басшының орынбасары/ Заместитель руководителя	Құлманбет Д.К.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ЭКСПЕРТ/ЭКСПЕРТ/EXPERT

Дене шынықтыру және спорт университеттердін
халықаралық қауымдастықтан / от Международной ассоциации
университетов физической культуры и спорта / from the International Association
universities of physical culture and sports

Дене шынықтыру және спорт университеттердін
халықаралық қауымдастықтың басшысы /
Директор Международной ассоциации
университетов ФКиС / Director of the International
Association Universities of physical culture and
sports



Макогонов А.Н.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORTS AND TOURISM

Білім беру бағдарламасы факультеттердің ОӘБ отырыстарында қарастырылған және ұсынылған:

2023жылғы «16» 03 № 8 хаттама

ОСФ ОӘБ төрағасы

2023жылғы «16» 03 № 8 хаттама

КСЖЖЖФ ОӘБ төрағасы

ҚазСТА ОӘК отырысы

2023жылғы «16» 03 № 8 хаттама

ҚазСТА ҒК шешімімен **БЕКІТІЛГЕН**

2023жылғы «16» 05 № 10 хаттама

Саутов Р.Т.

Конакбаев Б.М.



МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК - ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

I БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 6B01404 "Фитнес және рекреация" білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

1.2 6B01404 – "Фитнес және рекреация" БББ түлегінің кәсіби қызметінің мазмұнын, саласын, объектісін, пәні мен функцияларын сипаттау

II БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері

2.2 Пәндер туралы мәліметтер

2.3 Білім беру бағдарламасы түлегінің құзыреттілік моделі

III БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН СҮЙЕМЕЛДЕУ

3.1 Материалдық-техникалық ресурстар

3.2 Білім беру ресурстары (оқу-әдістемелік камтамасыз ету)

IV ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ТҰЛҒАЛАР ҮШІН БЕЙІМДЕУ

V 6B01404 – «ФИТНЕС ЖӘНЕ РЕКРЕАЦИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы	"Білім туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығы, өзгерту енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 4 сәуірдегі No 145 бұйрығымен.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығы. өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 No 379 бұйрығымен.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі N 2 бұйрығы. өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 19.01.2023 No 21 бұйрығымен.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы No 106 бұйрығы.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан алып тастау негіздерін бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 4 мамырдағы No 601 бұйрығына 1-қосымша н/к.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ББ дамыту жөніндегі әдістемелік нұсқаулары.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 10 сәуірдегі No 467 бұйрығына 1-қосымша н/к.	Реестрге білім беру бағдарламаларын енгізуге өтінімдерді беруге арналған пайдаланушы НҰСҚАУЛЫҒЫ
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы директорының 2023 жылғы 10 сәуірдегі No 467 бұйрығына 2-қосымша н/к.	Реестрге білім беру бағдарламаларын жанартуға өтінімдерді жіберуге арналған пайдаланушы НҰСҚАУЛЫҒЫ
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы No 137 бұйрығы.	Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және жоғары және (немесе)



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

	жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан және онлайн оқыту нысанында білім беру процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы
Әрекет ету тәртібі Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы No 500. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 19 желтоқсанда No 31149 болып тіркелді.	«Мұғалім» кәсіби стандартын бекіту туралы

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы (бұдан әрі – кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын сыныптау мен кодтауды белгілейтін және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пайдаланылатын құжат;
Білім беру бағдарламаларының тізілімі	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның "жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) ;
Білім беру бағдарламасы	оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;
Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)	Негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға зерделеу үшін айқындалған білім беру бағдарламасы;
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушылар айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;
Қолданыстағы білім беру бағдарламасы	Жоғары оқу орнынның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, кемінде бір жыл шығарылған бітірушілердің болған білім беру бағдарламасы
Жаңа білім беру бағдарламасы	Тізілімге енгізілгенге дейін ЖОО-да кадрлар даярлау жүзеге асырылмаған білім беру бағдарламасы
Инновациялық білім беру бағдарламасы	Қазақстан Республикасында баламасы жоқ ЖОО-ның білім беру бағдарламасы алғаш рет қолданысқа енгізіледі
Дескрипторлар	оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттер мен академиялық кредиттерге негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын зерделеуді аяқтағаннан кейін білім алушылар алатын білім, білік, дағды мен құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы
Құзыреттер	Оқу процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті
Оқыту нәтижелері	Білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар
Жоғары білім сапасы	Білім беру нәтижелерінің, дайындық процестері мен институционалдық жүйелердің қоғамның, мемлекет пен жеке тұлғаның өзекті мақсаттары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

	қамтитын жоғары білімнің көп өлшемді сипаттамасы
Пәнаралық тәсіл	Бір немесе басқа құбылысты қарастырудан тұратын ғылыми дүниетанымды кеңейту әдісі, кез-келген ғылыми пән шеңберімен шектелмейді
Модульдік оқыту	Білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі
Типтік оқу бағдарламасы	Мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компоненті пәнінің оқу құжаты
Оқу жұмыс жоспары	ЖЖОКБҰ білім алушылардың білім беру бағдарламасы мен жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты
Жеке оқу жоспары	Білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары
Пәннің оқу бағдарламасы (Syllabus)	Әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша менгеруге жататын білімнің, іскерліктің, дағдылар мен құзыреттердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама
Міндетті компонент	МЖМБС белгілеген және білім алушылар міндетті түрде оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
ЖОО компоненті	Білім беру бағдарламасын менгеру үшін ЖОО дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Таңдау бойынша компонент	Пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушылар өз бетінше таңдайтын жоғары оқу орны ұсынатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі
Бакалавриат	Кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі
Магистратура	Кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары
Докторантура	Білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім
Еуропалық трансферт (аударым) және кредит жинақтау жүйесі (ECTS)	Студенттің шетелде алған кредиттерін өз білім беру ұйымына оралғаннан кейін олардың дәрежесін алу үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттерді жинақтау тәсілі
Қос дипломды білім беру	Екі тең бағалы диплом (DoubleMajor) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major-Minor) алу мақсатында екі оқу жоспары(білім беру бағдарламалары) бойынша қатар оқу мүмкіндігі
Дуальді оқыту	Дуальді оқыту жүйесінің элементтерін енгізетін ЖЖОКБҰ теориялық оқытуды өндірістегі практикалық дайындықпен ұштастыру негізінде білім беру қызметін жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады. Бұл ретте пәннің оқу материалының кемінде 30% - тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс) игеру қажет.
Дипломдық жұмыс	Студенттің білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті мәселені өз бетінше зерттеу нәтижелерін жалпылау болып табылатын бітіру жұмысы
Дипломдық жоба	Жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

	орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешу болып табылатын студенттің бітіру жұмысы
Білім алушыларды қорытынды аттестаттау	Тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін олардың игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім
Білім алушылардың оқу жетістіктері	Білім алушылардың оқу процесінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ЖОО	Жоғары оқу орны
КеАҚ	Комерциялық емес акционерлік қоғамы
ҚазСТА	Қазақ спорт және туризм академиясы
ББ	Білім беру бағдарламасы
ЖББ	Жалпы білім беру пәндері
НП	Негізгі пәндер
ПП	Профильдік пәндер
МК	Міндетті компонент
ЖООК	ЖОО компоненті
ТБК	Таңдау бойынша компонент
ЖЖОКБҰ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

КІРІСПЕ

Қазақ спорт және туризм академиясының (бұрынғы Қазақ дене шынықтыру институты) тарихы 1944 жылдың 14 қарашасынан басталады. Жоғары оқу орны қызмет еткен жылдары дене шынықтыру және спорт бойынша 30000-нан астам жоғары білікті мамандар даярланды, олардың ішінде 4000-ға жуық спорт шеберлері мен халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, 100-ден астам әлем чемпиондары, КСРО мен Қазақстанның 550 еңбек сіңірген жаттықтырушылары, 200-ден астам ғылым докторлары мен кандидаттары, еңбек сіңірген мұғалімдер мен халыққа білім беру үздіктері бар.

Көптеген студенттер, қазір ҚазСТА түлектері әртүрлі жылдардағы Олимпиада ойындарына қатысып, әр түрлі дәрежедегі медальдарды жеңіп алды. Академияның мақтанышы оның түлектері – Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері: Жақсылық Үшкемпіров (грек-рим күресі); Анатолий Колесов (грек-рим күресі); Дәулет Тұрлыханов (грек-рим күресі); Виктор Минеев (қазіргі бессайыс); Валерий Кравченко (волейбол); Нина Смолеева (волейбол); Валерий Рязанцев (грек-рим күресі); Нелли Ким (спорттық гимнастика); Анатолий Быков (грек-рим күресі); Шәміл Серіков (грек-рим күресі); Елена Чебукина (волейбол); Ольга Кривошеева (волейбол); Валерий Люкин (спорттық гимнастика); Владимир Новиков (спорттық гимнастика); Валерий Тихоненко (баскетбол); Евгений Яровенко (футбол); Анатолий Храпатый (ауыр атлетика); Виталий Савин (жеңіл атлетика); Ирина Герлиц (баскетбол); Владимир Смирнов (шаңғы жарысы); Александр Парыгин (қазіргі бессайыс); Ольга Шишигина (жеңіл атлетика); Ермахан Ибраимов (бокс); *Юрий Мельниченко* (грек-рим күресі); *Ислам Байрамуков* (еркін күрес); *Асхат Житкеев* (дзюдо); Бактияр Артаев (бокс); Бақыт Сәрсекбаев (бокс); Илья Ильин (Ауыр атлетика); Ольга Рыпакова (жеңіл атлетика); Денис Тен (мәнерлеп сырғанау), Ниджат Рахимов (ауыр атлетика); екі дүркін Сурдлимпиада ойындарының чемпионы *Шонку Хайратхан* (грек-рим күресі, еркін күрес).

ҚазСТА дене шынықтыру және спорт саласы бойынша ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың танымал орталығы болып табылады. КСРО кезінде ҚазДШИ негізінде ірі Бүкілодақтық ғылыми конференциялар мен симпозиумдар өткізілді. Академия спортшыларды даярлау жүйесінде тау-кен жағдайларын пайдаланумен байланысты проблемаларды әзірлеу бойынша ТМД елдері арасында негізін қалаушы және жетекші жоғары оқу орны болып



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

табылады. Бүгінде академия-бұл еліміздің заманауи жоғары оқу орны, онда мамандарды сапалы даярлау және педагогикалық ұжымның кәсіби өсуі үшін барлық жағдай жасалған. Академияда үздіксіз білім беру жүйесі жұмыс істейді: ТЖКБ – бакалавриат – магистратура – докторантура. Оқу процесі кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылады.

ҚазСТА базасында "Дене шынықтыру және спорт" білім беру бағдарламаларының республикалық оқу-әдістемелік секциясы жұмыс істейді. 2005 жылы Қазақ спорт және туризм академиясы жанынан спорттың ғылыми-зерттеу институты құрылды. Соңғы жылдары ҚазСТА-ның халықаралық беделі айтарлықтай өсті. Академияда "Заманауи Олимпиадалық спорт және Баршаға арналған спорт" атты Халықаралық ғылыми конгрестер өткізіледі.

Академияның бастамасы бойынша 2009 жылы дене шынықтыру университеттерінің халықаралық қауымдастығы құрылды, оған 46 жетекші шетелдік университеттер мүше болып табылады, ал оның бірінші басшысы болып ҚазСТА Президенті К.К. Закирьянов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, математика профессоры, Петровск Ғылым және өнер академиясының (Санкт-Петербург қ.), Халықаралық Жоғары Мектеп Ғылым академиясының академигі сайланды.

Академия басқаратын қазақстандық студенттік спорт жоғары халықаралық деңгейге көтерілді. Академия түлектері-Олимпиада ойындарының чемпиондары (57 медаль, оның 29 - ы-алтын). Академияның студент-спортшылары Қазақстанның студенттік құрама командасының негізін құрайды. Мемлекеттің тәуелсіздігі кезеңінде студенттер Бүкіләлемдік универсиадаларда 28 алтын, 45 күміс және 47 қола медаль жеңіп алды.

2024 жыл Спорт және туризм академиясының мерейтойы болып табылады. Академия 80 жасқа толады.

2015 жылдың 2 шілдесінде Оңтүстік Кореяның Кванджу қаласында университеттік спорттың Халықаралық Федерациясы (FISU) ҚазСТА "ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТ" марапатымен марапаттады.

2019 жылы академия аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (АРТА) 5 жыл мерзімге (24.05.2019-23.05.2024) мамандандырылған және институционалдық аккредиттеуден сәтті өтті. Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, халықаралық байланыстарды нығайту Академия қызметінің басым бағыттары болып табылады.



I БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 6B01404 – «Фитнес және рекреация» білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері

Бакалавриаттың 6B01404 – «Фитнес және рекреация» білім беру бағдарламасы (ББ) академияның әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау жөніндегі миссиясымен, мақсаттарымен және міндеттерімен және ҚР индустриялық-инновациялық даму үрдістерімен байланысты. Ол жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының мазмұнын, әлеуетті тұтынушылардың талаптары мен қажеттіліктерін ескере отырып тұжырымдалған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты - қоғамның әлеуметтік тапсырысына және әлемдік білім стандартына сәйкес келесі бағыттарда кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті болашақ дене шынықтыру мұғалімдері мен жаттықтырушы-оқытушыларды сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету:

- жеке тұлғаның дене шынықтыру және салауатты өмір салты саласындағы ағарту жұмыстарын жүргізу;
- оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- дене дамуын, рухани байлығын, моральдық тазалығын жан-жақты оңтайландыру және үйлестіру, олимпиадалық білім беру идеалдарын енгізу, Қазақстан Республикасы азаматтарының Отанға деген сүйіспеншілігі мен адалдығын тәрбиелеу.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

– жұмыс берушілердің және қазіргі еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес 6B01404 – «Фитнес және рекреация» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының кәсіби құзыреттіліктерін меңгеру үшін теориялық білім базасын қалыптастыру;

- дене шынықтыру, спорт және рекреация саласындағы тиісті міндеттерді шешу үшін алған білімдерін практикада қолдану біліктерін дамыту;

- студенттердің мектептің педагогикалық процесінде, фитнес мекемелерінде және спортшылардың оқу процесінде нақты кәсіби міндеттерді шешудің практикалық дағдыларын алуы;

- мектепте, спорт секцияларында, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде және т. б. нақты жұмыс процестерімен танысу;

- әлемдік оқыту стандарттарына сәйкес фитнес және рекреация саласында болашақ мамандарды даярлау;

- фитнес және рекреация саласындағы болашақ мамандардың жалпы ғылыми және арнайы білімдері, іскерліктері мен дағдылары бойынша негізгі құзыреттіліктер жүйесін қалыптастыру;

- дене, рухани және интеллектуалдық өзін-өзі дамыту тәсілдерін меңгеру, психологиялық сауаттылықты, ойлау және мінез-құлық мәдениетін



калыптастыру.

БББ негізгі стратегиялық бағыты жоғары сапалы білім беру қызметтерін ұсыну және тез өзгертін әлеуметтік-экономикалық жағдайларда кәсіби мансабына бейімделуге және шығармашылық тұрғыдан құруға қабілетті жоғары білікті жаңа буын педагог-мамандарын даярлау болып табылады.

БББ негізгі көрсеткіштері. 6B01404 «Фитнес және рекреация» ББ бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік мерзімі 4 жылды құрайды (күндізгі оқу нысаны үшін). Бағдарлама практикаға бағытталған сипатқа ие, қазақ, орыс тілдерінде оқытылады. Оқыту мемлекеттік білім гранты негізінде де, ақылы негізде де жүзеге асырылады.

1.2 6B01404 – «Фитнес және рекреация» ББ түлегінің кәсіби қызметінің мазмұнын, саласын, объектісін, пәні мен функцияларын сипаттау»

Кәсіби қызметтің мазмұны 6B01404 «Фитнес және рекреация» ББ білім бакалавры» - педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыру және басқару, білім алушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдерін белсенді меңгеруіне бағдарлану, білім берудің жеке маңыздылығы, бүкіл білім беру процесін білім алушының жеке басына бағдарлау, оның өзін-өзі ашу және өзін-өзі іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету, әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың өз бетінше білім алуы және кәсіптік бағдарлануы үшін қолайлы жағдайлар жасау, дене шынықтыруды оқытудың объективті заңдылықтары мен заманауи талаптарын ескере отырып, жеке кәсіби іс-әрекеттерді жоспарлау.

Кәсіби қызмет саласы БББ 6B01404 – «Фитнес және рекреация» бойынша білім бакалавры:

- білім;
- фитнес;
- рекреация;
- дене тәрбиесі;
- спорт (бұқаралық спорт түрлері, БЖСМ, параолимпиадалық спорт).

Кәсіптік қызмет объектілері БББ 6B01404 – «Фитнес және рекреация» бойынша білім бакалавры:

- мемлекеттік, қоғамдық, жеке фитнес және рекреациялық орталықтар.
- мемлекеттік, қоғамдық, жеке білім беру ұйымдары (Мектепке дейінгі, жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі), балалар спорт мектептері мен клубтары;
- мемлекеттік мекемелер, дене шынықтыру және спорттық қызметті басқару органдары.

Кәсіби қызмет пәні БББ 6B01404 – «Фитнес және рекреация» бойынша білім бакалавры дене дайындығы, дене тәрбиесі, спорттық жаттығу, рекреация, оңалту жүйелерін іске асыру бойынша педагогикалық процесс болып табылады.

Кәсіби қызметтің функциялары:

- дене шынықтыру және дене тәрбиесі оқытушысы ретінде тәрбие, білім



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

беру, спорттық, ұйымдастыру-бұқаралық және сауықтыру жұмыстарын жүргізу;

- спорт түрлері бойынша жаттықтырушы ретінде мектепке дейінгі және мектеп оқу орындарында, спорт мектептерінде спорт түрлері бойынша топтарда жұмыс ұйымдастыру және өткізу;

- жаттығу процесін ғылыми негізделген жаттығу және оңалту құралдарымен және әдістерімен қамтамасыз ету;

- оқу орындарында, клубтарда, мекемелерде дене шынықтыру және спорт жарыстарын, спорттық мерекелерді өткізу және төрешілік ету.

6B01404 – "Фитнес және рекреация" білім беру бағдарламасы оқыту нысандары, деңгейлері және мерзімдері бойынша жеке әзірленді және мынадай қағидаттарға негізделеді:

- оқу жоспарлары мен бағдарламаларын үйлестіру және өзара бейімдеу;

- әр сатыдағы білімнің аяқталуы;

- білім алушылардың қабілеттеріне, тілектеріне және мүмкіндіктеріне қарай білім беру сұраныстарын қанағаттандыру;

- кәсіптік бағдар беру және кәсіптік даярлау бойынша жұмыстың кешенділігі, еңбек нарығының сұранысын зерделеу.

Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері академияның миссиясы мен стратегиясымен келісілген.

6B01404 – "Фитнес және рекреация" білім беру бағдарламасы студенттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің бірінші деңгейіндегі (бакалавриат) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсетіледі.

Оқыту нәтижелері барлық жоғары білімнің 6B01404 – «Фитнес және рекреация» білім беру бағдарламасы деңгейінде де және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

6B01404 – «Фитнес және рекреация» дескрипторлары студенттердің мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;

2) кәсіби деңгейде білім мен түсініктерді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;

4) дене шынықтыру және спорт саласындағы оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;

5) оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары;

6) ғылыми зерттеу және академиялық жазу әдістерін білу және оларды



дене шынықтыру және спорт саласында қолдану;

7) оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну;

8) академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.

Теориялық оқыту, жалпы білім беру, базалық және бейіндік пәндерді оқытуды қамтиды.

ЖБП цикліндегі міндетті компонент пәндері:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құруға, салауатты өмір салтына бағдарлауға, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарланған;

2) дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы негізінде болашақ маман тұлғасының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттілік жүйесін құрайды;

3) мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытады;

4) өз өмірі мен қызметіндегі барлық салаларда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;

5) өзін-өзі дамыту және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастырады;

6) қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлау мен физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады.

ЖЖОКБҰ мемлекеттік бақылаудан өту кезеңінде білім алушылар ЖБП циклінің міндетті компонентінің пәндері бойынша білім алушылардың біліміне срез қорытындысы бойынша қол жеткізген оқу нәтижелерін растайды.

7. ЖБП циклінің міндетті пәндерін оқып бітіргеннен кейін білім алушы:

1) ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми ұғыну мен зерделеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білумен қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған болмысты бағалайды;

2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіндіреді;

3) әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық жағдайларға өз бағасын береді;

4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын танытады;



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

- 5) Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарларын талдау үшін тарихи сипаттаудың әдістері мен тәсілдерін пайдаланады;
- 6) әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, Әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалайды;
- 7) интегративті процестердің заманауи өнімі ретінде осы ғылымдардың білімін синтездейді;
- 8) нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолданады;
- 9) өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымын дамытады;
- 10) қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен жұмыс істейді;
- 11) жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді;
- 12) әлемде танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолданады;
- 13) әдіснама мен талдауды таңдауды жүзеге асырады;
- 14) зерттеу нәтижелерін қорытындылайды;
- 15) жаңа білімді синтездейді және оны гуманитарлық қоғамдық маңызы бар өнім түрінде ұсынады;
- 16) тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға түседі;
- 17) грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалануды жүзеге асыру; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдау;
- 18) коммуникацияға қатысушылардың іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін бағалайды;
- 19) жеке қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және мобильді сервистерді пайдаланады;
- 20) өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіптік қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарланады;
- 21) Қазақстан тарихының негізгі заңдылықтарын, философиялық, әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білім негіздерін, қазақ, орыс және шет тілдеріндегі ауызша және жазбаша нысандағы коммуникацияларды біледі және түсінеді;
- 22) игерілген білімді өзгеріп жатқан әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімдеу үшін қолданады;



23) әлеуметтік құбылыстарды, процестер мен проблемаларды сандық және сапалық талдау дағдыларын меңгереді.

ЖБП циклінің пәндері пәнаралық сипатқа ие.

Базалық пәндер блогының мақсаттары: БББ бейіні бойынша ұйымдастырушылық-басқарушылық, эксперименттік-зерттеу, ғылыми-зерттеу салаларында толыққанды және сапалы жоғары базалық білім, Кәсіби құзыреттілік алу болып табылады.

Профильді/бейіндік пәндер блогының (ПП/БП) мақсаттары: өнімді қызметтің креативті дағдыларын меңгеру, жоғары жетістіктерге жету жолында шығармашылық әлеуетті өз бетінше іске асыра білу, өз бетінше білім алу, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау дағдыларын меңгеру және кәсіби саладағы құзыреттілік болып табылады.

Мақсаттарды іске асыруға тізбесі модульдік білім беру бағдарламасында көрсетілген және элективті пәндер каталогында ашылған пәндерді зерделеу арқылы қол жеткізіледі.

БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің пәндері мен модульдерінің бағдарламалары білім берудің бірқатар салалары бойынша кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатта болады.

Білім беру бағдарламасын оқытудың қалыптасқан құзыреттіліктері мен нәтижелерін бітіруші кафедралар жұмыс берушілермен бірлесіп, кәсіптік стандарттарға сәйкес тұжырымдайды және білім беру бағдарламасында келтірілген түлектің моделін көрсетеді.

6B01404 – «Фитнес және рекреация» жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған адамдарға академия дипломға (Diploma Supplement (диплом саплэмент) қосымшасы және жалпыеуропалық қосымшасы бар өзіндік үлгідегі білім туралы құжат береді.

Берілетін дәрежесі 6B01404 - «Фитнес және рекреация» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры. Біліктілігі дене шынықтыру мұғалімі және спорт жаттықтырушысы.

6B01404 – «Фитнес және рекреация» білім беру бағдарламасын толық көлемде меңгерген бітірушілердің жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру бағдарламасы және қосымша кәсіптік білім беру бойынша оқуын жалғастыруға мүмкіндігі бар.

II БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	Дайындық бағыты коды мен жіктелуі	Оқыту нәтижелерінің (ОН) №	Оқыту нәтижелері (ОН) (Шамамен 8-12 ОН ұсынылған және әрбір ОН бойынша 150-ден артық белгі болмауы керек)
1	2	4	5
01 Пед-к ғылым дар	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандан дыруымен мұғалімде рді дайындау	ОН1	Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, заманауи құралдарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды іс жүзінде қолдана отырып, тұлғааралық, кәсіби, мәдениетаралық қарым-қатынаста үш тілде еркін сөйлей алады.
		ОН2	Философияның, әлеуметтанудың, саясаттанудың, мәдениеттанудың базалық білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалауға; Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсетуге қабілетті.
		ОН3	Оқу іс-әрекетінің анатомиялық-морфологиялық, физиологиялық, медициналық-биологиялық, генетикалық, биохимиялық, психологиялық ерекшеліктерін және оның адам ағзасына әсер ету сипатын анықтай алады, физикалық жүктемелердің жеке адамға әсерін бақылау және бағалау әдістерінің ақпаратын қолдана алады және сабақтар мен тамақтануды ұйымдастыру процесіне тиісті түзетулер енгізе алады.
		ОН4	Дене шынықтыру-рекреациялық, сауықтыру-оңалту, кәсіптік-қолданбалы және гигиеналық міндеттерді іске асыру үшін фитнесің әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, қозғалыс қызметінің құралдары мен әдістерін қолданады.
		ОН5	Дене шынықтыру және спорт бойынша қазіргі заманғы маманның әлеуметтік маңыздылығы мен рөлін түсінеді, дене шынықтыру және спорт негіздері бойынша теориялық және психологиялық-педагогикалық білімді меңгереді, ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, әртүрлі жас санаттарындағы оқушылармен оқу және спорттық-бұқаралық жұмыстар бойынша сабақтарды жоспарлай, өткізе алады.
		ОН6	Фитнес - бағдарламаларды, моторлық рекреация бойынша сабақ режимдерін әзірлеуге, әртүрлі ұзақтықтағы сабақтар циклдары бойынша оларды іске асырудың тиісті құралдары мен әдістерін таңдауға, дене қабілеттерін, шұғылданушылардың функционалдық жай-күйін және дене жаттығуларының техникасын орындауды бағалауға қабілетті.
		ОН7	Дидактика ережелері, дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі және білім беру стандарттарының талаптары негізінде білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, спорттың және фитнесің базалық түрлері бойынша оқу сабақтарын кәсіби түрде өткізуге қабілетті, оқытуда инновациялық әдістерді пайдаланады.
		ОН8	Дене шынықтыру - сауықтыру және спорттық дайындық процесінде жаракаттану мен аурулардың алдын алу құралдары мен әдістерін пайдаланады, сабақтар өткізу кезінде қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етеді, алғашқы медициналық көмек көрсете алады және шұғылданушыларды қалпына келтіру іс-шараларын ұйымдастыра алады.
		ОН9	Маркетинг қызметінде басқарушылық шешімдер қабылдауға, тиімді менеджмент үшін құқықтық және экономикалық білімді қолдануға; дене шынықтыру және спорт саласындағы спорт ғимараттарын, оның ішінде БДШ-да пайдалануға қабілетті.
		ОН10	Жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілікті, сыни ойлауды, шығармашылық бастаманы, заманауи инновациялық, ғылыми-зерттеу әдістерін



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

			және академиялық жазуды қолдана отырып, командада жұмыс істей білуді көрсетеді.
		ОН 11	Тіршілік қауіпсіздігі және экология негіздері, Қазақстан Республикасы құқықтық актілерінің негізгі ережелері, дене шынықтыру және спорт саласындағы халықаралық-құқықтық құжаттар туралы білімдерін көрсетуге, кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді қолдануға қабілетті.



**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM**

2.2 Пәндер туралы мәліметтер

Модуль атауы	Модульді оқытудың нәтижелері	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Академиялық сағаттар	Оқыту нәтижелері (ОН)
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ						
Адеңгейіндегі тілдік дайындық модулі	Тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға кіру, дәйексөз келтіру	Қазақ (орыс) тілі	Пән мемлекеттік және орыс тілдерінде тұлғааралық Әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған.	5	150	1
		Шетел тілі	Пән шет тілінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас қабілетін дамытуға бағытталған.	5	150	1
В деңгейіндегі тілдік дайындық модулі	Грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын қолдануды жүзеге асыру; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдау	Қазақ (орыс) тілі	Пән мемлекеттік және орыс тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған.	5	150	1
		Шетел тілі	Пән шет тілінде коммуникация бағдарламаларын құру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған.	5	150	1
Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Қазақстанда және одан тыс жерлерде болып жатқан жеке, сондай-ақ қоғамдық-саяси процестерді ұғынуда әлеуметтік-саяси, мәдениеттанулық, психологиялық білімді қолдана білу	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану)	Пән студенттердің негізгі әлеуметтік-саяси түсініктерін, қоғам мен оның ішкі жүйелерін зерделеудің теориялары мен тәсілдерін меңгеруіне, қазіргі қоғам мен оның әлеуметтік-саяси институттары жұмысының негізгі қағидаттары туралы түсініктерін қалыптастыруға; сыни ойлау дағдыларын, Қазақстан Республикасының алдында тұрған міндеттерді шешуге белсенді қатысуға бағытталған саяси дүниетаным мен саяси мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.	4	120	2
		Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (мәдениеттану, психология)	Пән мемлекеттік бағдарламада айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде мәдениеттану мен психологияның ғылыми теорияларын зерделеу негізінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған "Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту"; мәдениеттану және психологиялық ақпарат алудың негізгі көздері мен әдістерін меңгеру және оларды кәсіби қызметте қолдану.	4	120	2

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік модулі I	Тіршілік қауіпсіздігі бойынша медициналық-биологиялық негіздерін білу, экология және тіршілік қауіпсіздігі туралы білімді кәсіби қызметте сәтті қолдану үшін түсіндіру;	Тіршілік қауіпсіздігі негіздері және экология	Пәннің модулі студенттерді экология және тіршілік қауіпсіздігі негізгі ұғымдарымен, принциптерімен және заңдарымен таныстыруға бағытталған. Қоғам мен елдің тұрақты дамуы үшін экологиядағы негізгі заңдар мен принциптерді, сондай-ақ адам денсаулығы мен оның қауіпсіздігін қорғауды.	5	150	11
---	---	---	---	---	-----	----



**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM**

	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін құқықтық және экономикалық білімді қолдану, заманауи заңнаманы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кәсіби қызметті түсіну; Кәсіби қызметте ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін қолдану		сақтауды және нығайтуды ашады.			
		Құқықтық реттеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама	Пән студенттердің білім беру саласындағы құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған заңнама туралы, сондай-ақ кәсіби қызмет контекстінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы базалық білімдерін, адалдық пен шындыққа тәрбиелеуді қалыптастыруға бағытталған.			11
		Ғылыми зерттеу әдістері	Бұл пән ғылымның даму концепциясын және ғылыми зерттеулердің табиғатын, зерттеу әдіснамасы саласындағы іргелі және қолданбалы мәселелерді, ғылыми зерттеулердегі мәліметтердің, сынның, логиканың және талдаудың рөлін мен оның қолдану білімнің теориялық және эмпирикалық деңгейіндегі ғылыми зерттеудің жалпы ғылыми, философиялық және арнайы әдістерін қарастырады.			10
